



ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК
MISSIONARY IN THE CONTEMPORARY WORLD
МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы
"ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК"

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

Алматы, 29 сәуір, 2015 ж.

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби
Факультет философии и политологии
Кафедра религиоведения и культурологии

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
"МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ"

Алматы, 29 апреля, 2015

тәжірибелерін ескере отырып, біздің елімізде де зайырлылықтың қазақстандық үгісін жасау - заман талабы. Дінтану бағдарламасында дәстүрлі әлемдік үш дін діндердің тарихи даму барысы, діни өнер секілді тақырыптармен қатар қазіргі таңдағы дәстүрлі емес діни қозғалыстар туралы да толық мағлұмат берілуі керек. Сонымен бірге, діннің ұлт мәдениетіндегі орны мен қоғамдағы қызметі және ролі тәрізді тақырыптарды қамтуы қажет. Қазақстан кеністігінде дінтану православ конфессиясына берілуі дұрыс, өйткені, ел тұрғындарының басым көпшілігі - мұсылман сүнниттер және орыс православ шіркеуі өкілдері, бұл демократия қағидасына нұқсан келтірмейді [7].

Сонымен қатар, мемлекетіміз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетуі тиіс. Бұл - мемлекет ретінде жариялаған Англия іс жүзінде Англикан шіркеуін, Ресей пен Түркия Ислам дініне қолдау көрсетіп отыр.

Сондай-ақ, белгілі бір идеология мемлекеттік сипат алып, қоғам мүшелері тарапынан қолдау табуы үшін негізгі екі талапқа жауап беруі тиіс. Біріншіден, ол сол мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мақсат-мүддесімен, болмысына, сол сияқты сәйкес келгені жөн. Бұл туралы Монтескье: «Зандар, үкіметтің табиғаты мен физикалық қасиеттеріне, жағдайы мен көлеміне, климатына, топырақ сапасына, халықтың тұрмыс тіршілігіне, санына, байлығы мен қабілетіне, әдет-ғұрпына сәйкес болу керек», - деген [8]. Екіншіден, идеологияның мемлекеттік сипат алуына қажетті тағы бір қасиет - оның сол мемлекет тарихымен сабақтас болып, ұзақ мерзімдер бойы сол қоғамда үйреншікті, жетекші идеологиялық деңгейде болуы тиіс.

Дін - мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, басты ұстанымы, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылмаспыз анық. Ең бастысы, осынау дін саласындағы тәрбиеленген берекетсіздіктердің бөріне тыйым салар «Дін және наным-сенім бостандығы бей-жайлы» заңды қатайту туралы көптен бері айтылып келе жатса да, әлі күнге қолға алынған емес. Дамыған елдің қатарына кіреміз десең, алдымен дініміз бен дінінің етегінде кетпей дұрыс жолды таңдау жолында үлкен шаралар атқарылып, жат қылықтарға тосқауыл қойылса, еліміздің болашағы гүлденеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Мырзахметов. «Қазақ қалай орыстандырылды?» // Түркістан газеті. - Алматы, 2007. - 10 қараша.
2. Ивашев Я.Ф., Трофимов В.А. Христианство в Казахстане. - Караганда 2006 г.
3. Кожастай Д. Шахановтың жан айқайы немесе «дін туралы заңнамалар» қазақтар үшін жасалған ба? // Нассау жолы
4. Бұртай М. "Дін және ұлт"

5. Борбасова К.М. Қазақстандағы Евангелистік христиандар (массихпіндер) және олардың миссионерлік қызметі // ҚазҰУ Хабаршысы. - Алматы. - 2009. - №2 (33) - 212н б.
6. Айвағанбет Г. "Ұлы - баптіст, қызы - евангелист", "Астана ақшамы"
7. Оразбай С. "Зайырлы тұрғыда оқу орындарында дінтанулық білім беру туралы", "Дін және құрылым"
8. Монтескье П. "О духе законов", Избранные произведения.

Байтенова Н.Ж.,
ал-Фараби ат. ҚазҰУ
профессоры, филос.ғ.д.
Ұлан М.,
ал-Фараби ат. ҚазҰУ
магистранты

ҚМДБ-ның қалыптасу тарихы мен қоғамдық қызметі

Қазақстан дін бостандығы, мемлекет істеріне дінді араластырмау саясатын ұстанатын мемлекет ретінде дүние жүзіне белгілі болды. Оның айқын дәлелі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алғаш рет 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін ұйымдастырып Қазақстанның әлемдегі беделін шарықтатуы. 2006 жылы қыркүйекте Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін II сезді өтіп, Қазақстан дүние жүзіне өзінің ашық татуластырушылық саясатын көрсетті.

Біздің Елбасымыздың Ислам діні мен Христиан дінінің православтық бағытын қолдап отыр. Өйткені Ислам - қазақ халқының ұлттық тұтастығын, мәдениетімізді қалыптастырған дін. «Бәрінен бұрын, біз үшін Ислам өзімізді-өзіміз таныға алудың мүмкіндігі», «Қазақстан - Ислам мәдениеті тараған байтақ әлемнің бір бөлігі», «Қазақстан аумағында Ислам Ханафиттік деп аталатын діни-құқықтық пен сопылықты насихаттайтын идеология негізінде қалыптасты» [1].

Осы айтылған Президентіміздің сөздерінен қазақ жеріне ислам дінінің қаншалықты ықпалын тигізгенін байқауға болады. Ислам тек қазақ халқының ғана мұраты үшін қызмет еткен жоқ, сонымен бірге түркі мәдениетіне зор ықпалын тигізді. Исламның Қазақстан аумағына таралуына ықпал еткен Қожа Ахмет Яссауи. Яссауи ілімі арқылы жалпы түркі жұртына Ислам келді. Сол Ислам біздің ғасырлар бойғы жасаған мәдени құндылықтарымыздың одан әрі дамуына септігін тигізді. Ахмет Яссауидің ілімі мен хикметтері түрік ислам мәдениетінің ең айтулы үлгісі, мирасы ретінде бүгінге дейін маңыздылығы мен өзектілігін сақтап келеді [2].

КСРО-дағы ең алғашқы исламдық ренессанстың даму кезені қайта құрулармен сәйкес келді және де бұл жағдай діни жағдайды мемлекет тарапынан қадағалау әлсіреген кезең еді. Белгілі болғандай КСРО құламастан алдын постсоветтік кеністікте төрт мұсылмандық орталықтандырылған құрылым болды: ОАМДБ (Орта Азия Мұсылмандарының Діни Басқармасы); ЗМДБ (Закавказиядағы Мұсылмандар Діни Басқармасы); СКМДБ (Солтүстік Кавказдың Мұсылмандар Діни Басқармасы); СЕМДБ (КСРО мен Сібірдің Еуропалық бөлігіндегі Мұсылмандар Діни Басқармасы) [3].

Оның ішінде ең беделдісі болып ОАМДБ муфтиятығы болды. ОАМДБ КСРО-дағы ең жалғыз мұсылмандардың ғимараты ташкенттік исламдық институт «Мир-Араб» Бұхара медресесіне бақылау жасап отырды. Дәл осында татар, солтүстік кавказ және кавказ дін көшбасшылары білім алды, дәл сонда кейіннен «кенестік» исламға қарсы шығып, оның құлдырауына тікелей әсер етті.

1989 жылдың 4 ақпанында Өзбекстан мен Тәжікстанның дін көшбасшылары мен теологтары ОАМДБ әкімшілігінің алдына «Барақ хан» медресесінің алдына жиналып, кезектен тыс жалпымұсылмандық кеңестің басталғанын жариялап, ультиматумдық формада ОАМДБ өкілдерінің ауыстырылуын және де құдайсыз биліктің сатылуы және қызметіне лайықты емес деген айыппен муфти Шамсиддин Бабахановты орнынан алып тастауды талап етті [4]. Көтерілісшілер мемлекет тарапынан қарсылық болар деген сеніммен Өзбек ССР министрлер кеңесінің ғимаратына қарай бет алды. Алайда ойламаған жерден демонстранттар алдынан Өзбек ССР ЦК КПСС бірінші хатшысы Ислам Каримов шығып олардың шағымдарын тыңдауға келіседі, және жаңа муфти тағайындау туралы шешімдері қолдау табады.

Көп ұзамай бас муфти қызметіне ОАМДБ жанындағы жоғарғы ислам институтының директоры Мухаммад Содиқ Мухаммад Юсуф тағайындалды [5]. Бабахановтардың биліктен алынуы дін басқарманың кеңестік үлгісінің күйреуінің басталуына алып келді.

Осы атаулы оқиғадан кейін үш жылдан кейін Орталық Азия мен Қазақстанның дін басқармасы өз қызметтерін тоқтатып республикалық муфтияттарға бөлініп кетті [6]: Өзбекстан, Қарғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Қазақстан Діни басқармалары. Осылардың барлығы да билік тарапынан қатаң қалағалауға ие болды және де шеттен шыққан әрекеттерге негіз болды; Түркменстанның жергілікті муфти президент жанындағы дін істері министрлігінің орта шенеунігі болып тағайындалды.

ҚМДБ-ның құрылуы елдегі жаңа бір дін ренессанстың жүру кезеңімен сәйкес келді, жаңа мешіттердің салынуына негіз болды. Осы сәттен бастап мешіттерге келушілердің саны көбейіп, мешіттерді қайта қалпына келтірушілер мен жаңасын салушылар саны да арта түсті. Осындай дін жаңғыру кезеңінің жалпы толқыны дін мектептердің ашылуына, исламдық білім беру жүйесінің пайда болуына, соның ішінде арнайы имамдарды даярлап оларды әр мешіттерге орналастыратын Алматыдағы Ислам институтының ашылуы болды. Сонымен қатар мешіттердің жанынан арнайы дін білім беру курстары бой көтере бастады. Және де ол жерлерде араб жазу үлгісі мен ислам негіздерін үйретті. Осы кезеңде дін білімді елімізде медреселерден алуға мүмкіндік туындады, оған Мерке елді мекенінде, Луговой ауылында, Тараз, Шымкент, Алматы қалаларында мүмкіндік көп болды.

Алайда ҚМДБ-ның арнайы ұйымдық құрылымдарды дайындауы біршама жайсыз факторлар негізінде жүзеге асты:

- 1) ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі;
- 2) өзінің дін білім беретін оқу орындарының болмауы;
- 3) дін басымдықтардың анықталмауы;
- 4) билік талапынан қолдауға ие болмау.

Осы сәттерді назарға ала отырып 1990 жылдың басында тіркеуден өтпеген «Алаш» саяси тобы өзіне «исламдық партия» имиджін беруге тырысты, алайда

әр түрлі себептерге байланысты жүзеге аспай қалды. Бұл партия Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы имамдармен олактаса отырып муфти Р. Нысанбаевты орнынан алып тастауға тырысты. Алайда партияның белсенді қызметі сол кезеңдегі жастарды өзіне жинап ұлттық-радикалды пікірлердің қалыптасуына негіз бола білді. Алайда партияның негізгі идеологиясында негізгі қарама-қайшылықтар бар еді. Дәлірек саяси құрылымы жағынан «Алаш» негізінде демократиялық жағынан европалық нормаларды қолдады. Сол кезеңде ол ислам бәріне белгілі 1993 жылға Алматыдағы Орталық мешітке болған жағдайдан кейін бұл партия толығымен күйреді және Р. Нысанбаев осы оқиғадан кейін күш алып басқа жолдармен оппозициямен күрес жүргізді. Кейіннен Р. Нысанбаев басқарған 1993 жыл мен 1998 жылдар аралығында әр түрлі бағыттағы көптеген мұсылмандық ұйымдар пайда бола бастады.

Осындай оқиғалардан кейін елде дәстүрлі діннің ролін жоғарылату үшін біршама жұмыстар атқарылады, сондай істердің бірі ҚМДБ тарапынан бақылау топтары құрып 2000 жылдың 25 мамырында Әбсаттар-қажы Дербісәліні бас муфти етіп тағайындауы болып табылады.

2007 жылдың шілдесінде Астанадағы «Нұр Астана» мешітіне Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаевтің муфтимен және имамдар мен әр аймақтағы ислам өкілдерімен кездесуі болады. Осы кездесуде ел көшбасшысына барлық дін қызметкерлері таныстырылды. Кездесудің жалпылама тақырыбы елдегі дін жағдайды талқылаумен негізделді. Осы кездесуде Президент барлық аймақтың өкілдеріне барлық мешіттер ҚМДБ-ға бағынуы туралы тапсырма беріліп, дін туралы заңнамаға өзгерістер енгізілетіндігі туралы және де дәстүрден тыс дін ағымдар мен секталарды тіркеуде аса сақтықты жүргізуді талап етті. Ол сонымен бірге ҚМДБ-ға өз сенімін білдіре отырып ары қарай муфтидің қызметін қолдайтындығын атап өтті.

ҚМДБ тарапынан исламдық ағымдардың ішіндегі деструктивтік бағыттағы ағымдарға арналған бірнеше пәтуалар шығарылды; псевдосуфисттік тарикаттар туралы, «Хизб ат-Тахрир», Ахмадия, Бахаи ілімі және де тәкфіршілер т.б. бірнеше пәтуалар шығарды.

ҚМДБ-ның құрылымында 7 жанадан ашылған имам-хатибтарды даярлайтын медреселер жұмыс атқарады: Астана қаласындағы «Нұр Астана» мешітінің жанында, Алматы облысы Шамалған ауылында және де Шымкент қаласында Облыстық мешіт жанында орналасқан. Болашақта имамдардың білімін жетілдіру үшін мешіт қызметкерлерін Египет, Түркия, Ресейдің дін білім беру орталықтарына жіберу жоспарланып отыр. Оралда 2006 жылы мешіт имамдарына арналған семинар болып өтті, онда 4 апта бойы 37 имам және молдалар білімдерін жетілдіріп, тегін дін кітаптарға ие болды.

2000 жылы Білім және ғылым министрінің өкілі шет елдермен қарым-қатынас министрлігі шет елдерде оқып жатқан қазақстандық азаматтарды елге қайта қайтаратындығын мәлімдеді. Біршама бақылаушылардың пікірлері бойынша бұл жағдай шет елде оқып жатқан азаматтардың радикалды көзқарастарының қалыптасуының алдын алу деп санайды.

Вице-премьер И.Н. Тасмағанбетов осы мәселеде арнайы орталық газеттердің бірінде өзінің толғанысын білдірді. 2001 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан

Республикасы Үкіметінің қаулысымен № 259 «Білім саласындағы халықаралық қатынастардағы бірнеше мәселелер» бойынша арнайы комиссия құрылып азаматтардың шет елде оқу мәселесіндегі негізгі қарсылықты сұрақтарға жауап іздеу тапсырылды.

Осы мақсатта мемлекет тарапынан өзіндік білім орталығын ашу тапшылығын көрсетіп берді. Осылайша 2000 жылы 31 тамызда Астана қаласында Тәжікстан Республикасы, Қырғызстан, Қазақстан Республикалары арасында Орталық Азияда өзіндік оқу орнын құру туралы келісім шарт жасалды. Алайда бұл оқиға әлі де өзіндік талдаулар мен ізденістерді қажет ететін мәселе.

Аталған мәселе өз кезегіне басқа да күрделі мәселелерді туындатады, ал өзіндік діни бағыттағы кадрлар жетіспеушілігі, діни бағыттағы оның ішіндегі теологиялық (мысалы Жамбыл облысының имамдарының 78 % орта білімді) білімі бар мамандар мен дінтанушылар тапшылығы. Осы мәселелерді шешу мақсатында өзіндік ұлттық және діни құндылықтарды қамтитын, мысалы Египеттегі «Ал-Азхар» университетіне ұқсас исламның бір бағытына бағытталған оқу орындарын құру қажеттілігі туындайды.

Орта Азиядағы және де Қазақстандағы Діни басқарманың құрылғанынан кейін (САДУМ) Қазақстанда және басқа республикаларда өз қазыптары құрылды, ал Қазақстанның алғашқы қазіні болып САДУМ өкілі Алматы қаласының Абд аль-Ғаффар Шамсутдинов (1884-1953) болып тағайындалды. Ал 1952 жылы бірінші қазынды тағайындаумен Қазақстанның жаңа қазіні болып Садуақас Ғылыми тағайындалды. 1972 және 1979 жылдары Сириядағы Дамаск университетінде шариғат факультетін бітірген және Мир-Араб медресесінде білім алған Жахия Бейсенбайұлы басқарды [7]. Ал Қазақстанның соңғы қазіні болып Ратбек қажы Нысанбаев болды кейіннен ол «Қазақстанның бас муфтісі» болып тағайындалды [8].

2000 жылғы ҚМДБ-ның III құрылтайы барысында Ратбек Нысанбаев қызметінен алынып оның орнына Әбсаттар-қажы Дербісәлі тағайындалды [9].

2011 жылдан бастап жағдайлары төмендерге көмек қайырымдылық шарасы ретінде «Зекет» қоры өз жұмысын бастады. Екі жылдың арасында фонд қызметіне жеке азаматтар мен жеке кәсіпкерлердің жинақтауларымен 52 682 143 теңге ақша жиналды. Негізгі «Зекет» қорының мақсаты жиналған қаржы ауыл аймақтағы имамдардың жалақысына және мешітті жөндеу жұмыстары мен коммуналдық төлемдеріне жұмсалыды. 2011 жылдың I ақпанынан бастап 144 имамға арнайы 20 мың теңге көлеміндегі айлық жалақы төленеді [10-11].

2012 жылдың 19 маусымында ҚМДБ «Республикалық діни бірлестік» ретінде қайта тіркелуден өтті.

2013 жылдың 19 ақпанында кезектен тыс VII құрылтай шешімі бойынша бас муфти етіп Ержан Маямеров тағайындалды [12].

2014 жылдың сәуірінен бастап «ұлттық рухани-жанартаушылық порталы» Islam.kz сайтының жобалық таныстырылуы болып, ол екі тілде жұмыс атқарды және де Қайрат Жолдыбайұлының айтуы бойынша «өзін қазақтың және мұсылманмын» деп санайтын жамағатқа негізгі білім көзі [13].

Идеологиясы

Бас муфти Ержан Маямеровтың баяндауы бойынша ҚМДБ Қазақстан мұсылмандарына маңызды құндылықтарға негізделген дәстүрлі сунниттік

идеологиясы, ал құқықтық тұрғыдан ханафи мазхабын, ал сенім мәселесінде матрудилікке негізделетінші баяндалады [14].

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының негізгі басты мақсаты болып құқықтың сенімін арттырып, қоғам арасында өзара бейбітшілікті, ұлттық және конфессияаралық келісімге шақыру, адамдарды қайырымдылыққа, өз отанына адал қызмет етуге бағыттау болып табылады [15].

Алматыдағы Орталық мешіттің негізгі діни сайты «Азан.kz» те 2014 жылғы 1 желтоқсанда «Ханафилік және Матрудилік бір жол» атты мақала жарияланды және де онда ханафиттік мазхабтың негізгі өкілі ретінде Абу Али аль-Ашари матрудиттік емес идеологияны ұстануы мүмкін еместігі айтылады [11]. ҚМДБ-ның негізгі сайтында «Нұр» Ислам университетінің исламтану пәнінің тәлімгері Асқар Әкімханов өзінің «Әбу Мансур әл-Матуриди кім?» атты мақаласында Самарқандтық құдайтанушы Абу Мансур аль-Матуриди «сунниттік теологияның негізін қалаушылардың бірі» және «сунниттік ілімді таза күйінде сақтап келер ұрпаққа қалдырған», «Мұхаммед пайғамбардың мұрагері» атағына ие болған делінеді [16].

2014 жылдың желтоқсанында ҚМДБ-ның арнайы сайтында Сирия, Ирак және «Ислам мемлекетіне» қатысты алғашқы мақалалар жарияланды және аймақтағы жағдайды бейбіт шешуге шақырды және де басқа елдердің ішкі саясатына аралас және олардың саяси соғыстарына қатысу «сунниттердің негізгі сенімдеріне қарсы» деп баяндалды [17].

ҚМДБ жанынан арнайы Қазақстанның әр аймағынан құралған 30 теологтан құралған діни-ағартумен айналысатын арнайы ақпараттық насихаттық тобы құрылған. 2013 жылдың желтоқсанында бұл топ еліміздің 62 қаласында, 122 аудан, 33 жергілікті пункттер мен 1456 ауылдарда болып 200 ден астам орта және жоғарғы білім беру орталықтарын және 1654 мектепте ақпараттық кеңестер жүргізген [18].

Бөлімдері

Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының бөлімдері (соңғы жаңартылған мәліметтер бойынша: 2014 жылы 14 қыркүйек) [19]:

• ҚМДБ наб-муфтісі: Ораз Серікбай Сатыбалдыұлы және Қайрат Жолдыбайұлы.

- ҚМДБ аппаратының жетекшісі: Малжиев Ғылымбек Жадігерұлы.
- Шариғат және пәтуа бөлімі (Алсабеков Мухаммад-Хусейн Усманович)
- Интернетпен жұмыс бөлімі (Оңғаров Ершат Ағабайұлы)
- Оқу және жетілдіру орталығы (Бейсенбаев Бақтыбай Қылдырбайұлы)
- Дін істері бөлімі (Тұрдыбаев Камалжан Бекбосыңұлы)
- Жастармен жұмыс бөлімі (Алтынбек Ұтысханұлы)
- Мешіт істері бөлімі (Қосбаға Ербол Сағиұлы)
- Ақпарат бөлімі (Сыдықов Агабек Қонарбайұлы)
- Жұмыспен қамту бөлімі (Бекмұратов, Байзақ Орынбасарұлы)
- Жауапты басы: Орын Ербосын Бектұрсынұлы.

Аймақтық құрылымдар мен мешіттер
1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдары республикада бар жоғы 68 мешіттер тіркелген. Ал 2000 жылдан бастап олардың жалпы саны 1652, ал 2011 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан бойынша 2756 мешіт болды. 2012 жылдың 19 маусымында «Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы»

республикалық діни ұйым болып тіркеліп оның негізгі филиалдары ретінде 2228 мешіт қайтадан тіркеуден өтеді [20-21].

ҚМДБ білім ошақтары

Көптеген қазақстандық имамдар діни білімді Египеттегі Ал-Азхарда және Пәкістандағы Дағуа Академиясында алады. Әр жыл сайын 25 имам Түркиядағы діни оқу орындарында білімдерін жетілдіріп отырады [22].

ҚМДБ оқу орындарының тізімі:

- Қазақ-египет ислам мәдениеті университеті «Нұр» (Алма-Ата)
- Имамдарды даярлайтын республикалық институт
- Құран оқушыларды даярлау орталығы «Ихлас» (Шымкент)
- Медресе «Сарыағаш» (Ынтымақ ауылы, Сарыағаш ауданы, ОҚО)
- Құран оқушыларды даярлайтын республикалық орталық «Каум ад-Дин аль-Иткани аль-Фараби ат-Түркістани» (Қосшы ауылы, Целиноград ауданы, Ақмола облысы)

- Медресе «Астана» (Астана)
- Медресе «Шымкент» (Шымкент)
- Медресе «Абу Бакр ас-Сиддик» (Павлодар)
- Медресе «Хибатулла Тарази» (Тараз)
- Медресе «Үшқоңыр» (Үшқоңыр ауылы, Карасай ауданы, Алматы облысы)
- Медресе «Абу Ханифа» (Алма-Ата)
- Медресе «Ақтөбе» (Ақтөбе қаласы)
- Медресе «Орал» (Орал қаласы)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ө. Назарбаев. Сындарлы он жыл. - Алматы 2003. - 700 б 288 б.
- 2 Кенжетай. Қ.А. Иассауи дүниетанымы. - Түркістан 2004. - 450 б., 116 б
- 3 До Октябрьского переворота 1917 г. в Российской Империи также существовало четыре муфтията: Оренбургское магометанское духовное собрание, Таврический муфтият, Суннитское и Шияитское управления мусульман Закавказья.
- 4 Независимая газета. 24.10.1992.
- 5 Forest J. Religion In the New Russia. New York, 1990; Krichlov D. Islam In the Soviet Central Asia: Renovation Or Revolution? // Religion In Communist Lands, 1990, Vol. XVIII.
- 6 Муртаева А. Духовный переворот в Ташкенте // Комсомольская правда, 9.7.1991.
- 7 Мухтарова Г.Р. Духовное управление мусульман Казахстана: история становления и современное состояние. — articlekz.com, 2011.
- 8 Ратбек-жазы Нысанбай-ұлы. Исповедь жк-муфтия. Союз мусульман Казахстана. Архивировано из первоисточника 2 августа 2007.
- 9 Казахстан. Национальная энциклопедия / Глав.ред. А. Нысанбаев. — Алматы, 1998. — ISBN 5-89800-123-9.
- 10 В Казахстане введен новый исламский финансовый инструмент Закят фонд — tengrines.kz, 30 мая 2011.
- 11 Фонд «Закят» ДУМК: отчет о распределении средств на зарплату имамов. — Azan.kz, 10.04.2013.
- 12 Благотворительный фонд при ДУМК за два года собрал 52 миллиона тенге — tengrines.kz, 10 апреля 2013.
- 13 Нового Верховного муфтия избран в Казахстане, Tengrines.kz (19.02.2013). Проверено 17 апреля 2013.
- 14 Зарина Нокрабекова Кайрат Жолдыбайұлы: Для пытливых умов — «Islam.kz». — e-Islam, 12 августа 2014.
- 15 Ержан Мьямеров Ислам и традиции и культура местного населения = Ислам және жергілікті халық дәстүрі мен мәдениеті. — Ummet.kz, 03.04.2014.

16 Нокрабекова З. ЕРЖАН КАЖЫ МАЯМЕРОВ: «ЛЮДИ НЕ ЗАХОДЯТ В МЕЧЕТИ ПРОСТО ТАК. ИХ СЕРДЦА ИЩУТ ИСЛАМ». — e-Islam, 12.08.2014.
17 ДУМК сәләпәлә заявлениә (қазақ) = ҚМДБ мәлімдемә жасады. — Muhyat.kz, 05.12.2014.

18 Отдел шарията и фетв Решение Духовного управления об однополых связях = Дини басқарманың бір жолыстыларға қатысты берген үкімі. — Muhyat.kz, 11.12.2013.
19 Күлпара Жұмағали Науа сәлә — в проповеди (қазақ) = Біздің күшіміз — уағызла // «Түркістан»: газета. — Рауан, 6 декабря 2013.
20 Отдел ДУМК (қазақ). Muhyat.kz (официальный сайт ДУМК). Проверено 17 апреля 2013. Архивировано из первоисточника 20 апреля 2013.
21 Мейрамбек Байғариң. В Казахстане насчитывается 2300 мечетей, Казинформ (10.08.2011). Проверено 17 апреля 2013.
22 Муфтий Ержан Мьямеров: Ради благолествия нашей страны мы должны быть сплоченными // Медина аль-Ислам. Центральная Азия; газета. — 2013. — В. №5 (140).

Ермуханова Х. К.,

Мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі, әдіскер, ҚР білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, тарих және қоғамдық білім академиясының академигі

Түркі дүниесінің рухани мәселелері

Ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтары дін қағидаларымен үндесіп жатыр. Дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол — өмір сүру мәнері, қарым-қатынас әдебі, моральлық нормалар жиынтығы, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі. Сондықтан, дін мәселесі — руханият мәселесі.

Мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық тұрғыдан қуатты болуы сол елдің имани айнасына байланысты. Иманды мұғалім ізгі ұрпақ тәрбиелесе, иманды дәрігер науқасқа мейірімділік танытып, сырқатын емдесе, иманды басшы халыққа қалтқысыз қызмет етсе, иманды құрылысшы өз ісіне адал болса, міне, сол кезде ғана адамгершілік сапасы биік ұрпақ қалыптастырар едік. Хәкім Абай әрбір адамның қалір-қасиетін, өмірде алатын орнын ішкі жан-дүниесінің тазалығымен өлшейді. Кемеңгер ақын атамызбiр өлеңінде:

«Мүмін болсаң, әуелі иманды бол, Пендеге иманәзі ашады жол», — дейді.

Имандылықтың ең басты көрінісі — мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарай білу. Ислам дінінен нәр алып, ұлттық болмысымыздың тұтас жиынтығына айналған данышпан Абай әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап, бауырмашылық пен имандылық сезіміне ерекше мән беріп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін кейінгі ұрпаққа қайта-қайта ескертпiнотырады. Ислам діні — тілі мен ділі, дәстүрі мен танымы әртүрлі ұлттар мен ұлыстарды беле жармай адами құндылықтар төңірегiне ұйыстырады.

Адамгершіліктің, имандылықтың үлгісін әлемге көрсете білген түрік ойшылы Фетүллаһ Гүлен «Гянди-Кинг-Икеда» атындағы әлемдік бейбітшіліктің

Мазмұны

Құрманалиева А.Д.
Діни жағдайдың қалыптатылығы және миссионерлік мәселесі..... 3

Сятершинов Бақытжан, Сейтахметова Наталья, Құрманғалиева Галия
Қазақстандық діни сана мен діни бірегейлікке салафизм ағымының ықпалы... 7

Рысбекова Ш.С., Кабиденова Ж.Д., Жапекова Г.К.
Неохристианство: некоторые аспекты формирования НРД..... 14

Мәшімбаев С.М.
Қазақстандағы отаршыл миссионерлердің қызметі..... 20

Сабри Хизметли
Қазақстандағы зиянды ағымдар мен миссионерлік секталар..... 24

Булекбаев С. Б.
О необходимости государственной программы религиозного просвещения 28

Дабжанова Ж.Б.
Организация «Джойнт» и ее миссионерская помощь еврейским религиозным общинам Казахстана..... 34

Луктанов А.И.
Политическая сакрализация : история и современность..... 42

Джуманова Г.Ж.
Миссионерство и духовная безопасность общества..... 49

Мустафаев Е.Н.
Политика светского государства в религиозной сфере..... 53

Шалғынбай Ж.Ж.
Издание православной миссионерской литературы в дореволюционном Казахстане..... 57

Әмірғазин С.Т.
Білікті протестанттар қайдан және қалай қалыптасуда?..... 65

Рысбекова Ш.С.
Католическая Церковь и Молодёжь..... 69

Амребаева Ж.Т.
Жүсіп Баласағұнның «Құтты білім» поэмасы аймақтың дәстүрлі мұсылмандық метафизикалық әлем картинасын бейнелейтін ортағасырлық түркі дереккөзі ретінде..... 75

Жүніспаев Ж.Е.
«Таблғи Жамағат» ұйымының миссионерлік іс-әрекетінің зардаптары..... 83

Қайрова Б.Е.
Религиозное мировоззрение казахов..... 87

Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т.,
Ислам діні негізінде туындаған діни дастан..... 91

Шауқенов Ж. А.
Взаимодействие государственных органов в противодействии религиозному экстремизму и терроризму в Казахстане..... 98

Рақыш Ж.С.
Діни дастандардағы имандылық мәселесі..... 100

Абдрашев Р.М., Баймағамбетова З.М., Сералиева А.М.
Правовое обеспечение борьбы с деструктивными религиозными объединениями в Республике Казахстан..... 105

Шауқенов Ж.А.
Традиционные духовно-нравственные ценности Казахстана..... 110

Шаймерден Г.И.
Толерантность и некоторые аспекты религиозной безопасности..... 113

Тұрсынбай Н.А.
Қазақстандағы дәстүрлі діндердің ақпараттық-насихаттық жұмыстарындағы маңыздылығы..... 118

Жүсіп Ж. Қ.
Жергілікті жерлерде дін саласындағы әлеуметтік зерттеулер жүргізудегі ерекшеліктер мен қиындықтар..... 123

Джумашева А.Б.
Миссия современного педагога в предупреждении экстремизма..... 125

Бейсенов Б., Игисенова А.
Христиандық тарихындағы ересетік (бидғаттық) ілімдер..... 129

Суембай А.
Государственное регулирование миссионерской деятельности..... 133

Тұңғышбай А.
Қазақстандағы неопротестанттық ағымдардың миссионерлік қызметі... 138

Бейсенов Б., Укибаев А. Сунниттік бағыттағы мектептердің қалыптасуы мен даму жолдары.....	144
Азлархан Ж.А. Дәстүр мен діннің үйлесіміндегі ұлттық киім ерекшелігі.....	150
Сейтказиев Р.У. Діни білімнің жастар бойына қалыптастырар қасиеті көп.....	155
Шилькин Ю.И. Экуменизм разума.....	158
Аймухамбетов Т.Т. Правовые нормы в контексте регулирования государственно-конфессиональных отношений.....	164
Асқанбеков С. Қазақстандағы қазіргі қоғамдағы миссионерлік.....	167
Әбдіхамитов Б.Х. Орталық Азияға ислам дінінің таралуындағы сопылық рөлі.....	174
Бердалы Қобыланды Даосизм дінінің шығу тарихы мен ілімдік ерекшелігі.....	179
Байтенова Н.Ж., Арапат.А.М. Деструктивті діни ағымдардың өздеріне тарту әрекеттері және нәтижелері.	186
Байтенова Н.Ж., Рахмания.А.Р Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың миссионерлік қызметінің көріністері мен нәтижелері.....	192
Байтенова Н.Ж., Ұлан М. ҚМДБ-ның қалыптасу тарихы мен қоғамдық қызметі.....	197
Ермуханова Х. К., Түркі дүниесінің рухани мәселелері.....	203
Борбасова Қ.М., Тулегенов А. Е. Қазақстандағы Орыс православ шіркеуінің қызметі.....	206
Жумақанова Б. Жарнама күнделікті мәдени коммуникация факторы ретінде.....	211
Борбасова Қ. М., Жумағұлова С.М. Семиотика ғылымының негіздемесі.....	218

Қадыров А. «Кемелдену» жолындағы буддалық тәжірибелердің ерекшелігі.....	222
Құрманалиева А.Д., Маликова А. Алматы агломерациясындағы діни үрдістерге миссионерліктің ықпалы..	228
Мадалиева Ж. К. Ұлтаралық қармы-қатынастар шеңберіндегі толараңғылық.....	232
Орынбекова А. Құрандағы этикалық ұғымдар мен түсініктер.....	237
Абжалов С.У., Мырзабаева К. Исмаилиттердің миссионерлік қызметі мен діни көзқарастары.....	243
Омаров Т., Мансуров Б. Ислам дініндегі күнә ұғымын білдіретін категориялар және олардың мәні..	249
Ғабитов Т.Х., Амирханов А. Жаһандану үрдісі мен әлеуметтік желілер.....	256
Исмағамбетова З.Н., Орманова А.Қ. Ғылыми фантастика феноменін зерттеу проблемалары.....	259
Саруар Али Исламдық қаржыландыруды дамыту негіздері.....	265
Ермекова Г.С. Геронтологиялық қатынастарды зерттеу негіздері.....	268
Сейтказиева А.Б., Жанбаева Ж.А. Дінің адам іс-әрекетіне қалыптастыратын ықпалы.....	273
Мамбетбаев Қ. Дін тарату мақсатында Мұхаммед пайғамбардың ел билеушілеріне жолдаған хаттарының маңызы.....	275
Саруар Али Ислам дініндегі зекет пен дияның орны.....	279
Шубаева У.Қ. Исламдық дәстүрден тыс діни ұйымдардың жұмыс жасау әдістері.....	282
Рысбекова Г.Е. Қазақстан жеріндегі миссионерлік бағыттың алғашқы пайда болу тарихы.	287